



20 18 ж 18 сәуір

№ 18-3

20 г.

Булаев қ.

г. Булаево

Жер салығының мөлшерлемелері  
туралы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
Солтүстік Қазақстан облысының Әділет Департаменті  
Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу белімі

Нормативтік құқықтық акті 200<sup>18</sup> жылғы "3.05"  
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік  
№ 4400 тіркеудің тізіліміне  
болжып енгізілді

\* \*

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі - Кодекс) 509-бабының 5-тармағына, 510, 704-баптарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кодектің 503, 704-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге арттырылсын, соған сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелері;

2) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері.

2. Автотұрақтарға (паркингерге), автожанаармай құю станцияларына бөлінген, казино орналасқан жер участеклерінен басқа, Кодектің 504, 505, 506-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері елу пайызға арттырылсын, соған сәйкес:

1) жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер;

2) елді мекендердің жеріне (үй маңындағы участеклерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер;

3) елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер.

3. Осы шешімге қосымшаға сәйкес Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

*Магжан Жұмабаев*

003046

4. Осы шешім 2019 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармақты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Солтүстік Қазақстан облысы  
Мағжан Жұмабаев ауданы  
мәслихат сессиясының төрағасы**

А. Лунин



**Солтүстік Қазақстан облысы  
Мағжан Жұмабаев ауданы  
мәслихатының хатшысы**

Т. Эбілмәжінов